***ЖСШ «Аслан –Али» Еркемай» балабақшасы***
***ата - аналар жиналысының***
***№ 1 хаттамасы***

27.10.2021 жыл
Сағат:15.00
Қатысқандар: 53
Қатыспағандар: 47

**Тақырыбы**:Жаңа оқу жылындағы өзгерістер.
**Мақсаты:**Ата-аналармен танысып,ата-анамен балабақша арасында тығыз байланысты орнату.
**Өткізілу түрі**: Дөңгелек үстел

**Күн тәртібінде**

1. 2021-2022 Жаңа оқу жылының мақсат міндеттерімен танысу. **Меңгеруші: Жунусова Н.Р.**
2.Топтармен танысу, ата-аналармен танысу. **Жунусова Н.Р.**
3.Карантиндегі ережелермен таныстыру. **Ибрагимова А.Б.**
4 Жаз айларының қорытындысы
**Каукаева Д.М., Ширжанова Г.Ш**
5 Ата-ана комитетінің төрайымы мен көмекшілерін сайлау

**1)Тыңдалды**

Балабақша әдіскері: Құрметті ата –аналар! 2021-2022 оқу жылының басталуымен сіздерді құттықтаймын. Осы оқу жылында жоспарланған іс-шаралар көп. Бұл іс-шаралар балалар үшін өте маңызды. Сонымен қатар сіздер мен балабақша арасында жақсы қарым-қатынас орнауына да себепші болады. Оқу жылына балабақша толығымен дайын және карантиндік талаптар сақталады. Оқу құралдары, төсек жабдық жаңа, ойыншықтармен қамтамасыз етілген. Сонымен қатар еліміздегі жағдайларға байланысты топтағы балалар арасындағы арақашықтық бақыланады. Әр топтағы бала саны 25 баладан аспайды. Әр баланың денсаулығы үшін санитарлық-гигиеналық, тазалық шаралары әр топта сақталады. Оқу жылына әр бала қажетті оқу құралдарымен толықтай қамтылады.

**Тыңдалды:** Тәрбиешілер: **Каукаева Д.М., Ширжанова Г.Ш**

Жаз айларының қорытындысы: Сәлеметсіздер ме, ата – аналар! Жаз айларында балабақшамызда апталықтар болып өтті. Біздің балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты балалар «Көңілді ойындар», «Гүлдер әлемі», «Кішкентай аспазшылар!» атты апталықтарға қатысты. Балалар көңіл көтеріп, би билеп, әр түрлі суреттер салып, түрлі тәттілер дайындады. Апталықтар балаларға қызықты өтті. (Видео,слайд арқылы толық айтып өтті)

**Тыңдалды:** Балабақша дәрігері: **Ибрагимова А.Б.**

Сәлеметсіздер ме, ата – аналар! Қазіргі таңдағы болып жатқан карантиндік шектеулерге байланысты: ата-аналар міндетті түрде балаларды бетпердемен алып келулеріңіз керек және ата-аналарға балабақшаға кіруге тыйым салынады. Таңертеңгі уақытта балалардың дене қызуы міндетті түрде өлшеніп қабылданады. Таңғы және серуен уақыттарында балалардың қолдары антибактериялдық құралдармен залалсыздандырылады. Балаларыңызға мұқият болыңыздар,

Scanned by TapScanner

денсаулығына мән беріңіздер. Алдын алу шараларын үнемі жасаңыздар, өздеріңіз де ауырмаңыздар. Егер де балаларыңыз ауырған жағдайда балабақшаға алып келмеңіздер,басқа балаларға жұқтыруымыз мүмкін.Балабақшамызда күз айларына арнап сауықтыру шаралары жүргізіледі. Балаларға күнделікті күн тәртібінде,дәрумендер,иодамарин мен оттегі коктейлі беріледі.. Ата –аналарға электронды түрде ас мәзірі жіберілді.

**Тыңдалды:** Әдіскер:Ильясова А.Т.

2021-2022 оқу жылының өзгерістеріне тоқталды. Барлық қосымша мамандар өздері жылдық жоспарымен таныстырды. Жұмыс жасау кестесімен де таныстырды. Алда келе жатқан «Алтын күз» ертеңгілігіне төтенше жағдайларға байланысты ата-аналарға қатысуына рұқсат берілмейді. Сіздерге ертеңгілік барысы видеомен түсіріліп жіберіледі. Балабақшаның тәртіптерін сақтаңыздар.

Ата-ана комитетінің төрайымы болып: Карагулова Гульден,
Нукаева Миуа, Озерова Людмила сайланды. Ата-аналар балабақша ұжымына алғыс айтып, рахметтерін білдірді.

**Ата –аналар жиналысының шешімі:**

1. Карантиндік ережелерін сақтау.
2. Күн тәртібін сақтауға келісім берді.

Төрайымы: Жунусова Н.Р.

Хатшы: Ильясова А.Т..

Scanned by TapScanner

***ЖШС «Аслан-Али» «Еркемай» балабақшасы***
***ата - аналар жиналысының***
***№ 2 хаттамасы***

19.05.2022 жыл
Сағат:15.00
Қатысқандар: 33
Қатыспағандар: 66

**Күн тәртібінде:**

1. Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы.
1. Біздің жетістегіміз 2021-2022 оқу жылының қортындысы **Жунусова Н.Р.**
2. «Достық» тренингі. **Калжигитова Г.Е.**
3. Әр түрлі мәселелер

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша, балабақша меңгерушісі жиналыстың мақсаты - бала тәрбиесіндегі балабақша мен отбасы ынтымақтастығын нығайтуға, ата-ана, бала, тәрбиеші үштігі арасында өзара сенім мен сыйластық орнауына ықпал етуге бағытталғанын айтты. Ата-ана мен балабақшамен бірлесе достықта жұмыс жасау үшін «Достық» тренингін өткізуді тәрбиешіге тапсырды.

**Шешімі:**
**1. Жиналыстың мақсаты түсіндірілсін.**

Екінші Мәселе бойынша 2021-2022 оқу жылының жетістіктері бойынша әдіскер Ильясова А.Т. Осы жылдағы балабақшамыздың балаларыа удандық обылстық байқауға қатысып, жүлделерге ие болды.

Үшінші мәселе бойынша, балабақша психологы ата-аналармен «Достық» тренингін жүргізді. Мақсаты: балабақша мен ата-аналар арасында өзара қарым-қатынасын жақсарту. Ұжымдыққа, достыққа, сыйластыққа баулу. Бір-біріне жылы лебіздерін білдіру. Ата-аналар ортаға шығып шеңбер болып дөңгеленіп тұрайық. Мына лентаны мен ұстап: аты-жөнімізді, мамандығымызды, бір-бірімізге деген жылы лебіздерімізді білдіреміз. **Шешімі:**
1. Тренингтің мақсаты анықталып, ата-аналарға түбегейлі түсіндірілсін.

**Тыңдалды:**

Төртінші мәселе бойынша, балабақша меңгеруші әр түрлі мәселерді ортаға салды. Балалардың тазалығын, балабақшадан себепсіз қалдырмай, кешікпей келуін, төлемақысын уақытылы төлеуін айтып өтті.

**Тыңдалды:**Балабақца медбикесі Ибрагимова А.Б.. Жаз мезгіліндегі қауіпсіздік туралы мәлімдеме жасады.

Scanned by TapScanner

**Ата –аналар жиналысының шешімі:**

3. Жаз мезгіліндегі ережелерін сақтау.
4. Күн тәртібін сақтауға келісім берді.

Төрайымы: Жунусова Н.Р.
Хатшы: Ильясова А.Т.

Scanned by TapScanner

Бекітемін
ЖСШ «Аслан-Али» «Еркемай» б/б-нын
меңгерушісі:
Жунусова Н.Р.________

## Ата-аналармен жүргізілетін жұмыс жоспары 2021-2022 оқу жылы

| № п/п | Шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| | Ата – аналармен келісім шарты отыру | қыркүйек | меңгеруші<br>тәрбиешілер<br>әдіскер |
| 1 | Тәрбиеленушілердің отбасын зерттеу | қыркүйек | тәрбиешілер |
| 2 | **Күн тәртібінде**<br>1. 2021-2022 Жаңа оқу жылының мақсат міндеттерімен танысу. **Меңгеруші: Жунусова Н.Р**<br>2.Топтарен танысу, ата-аналармен танысу. **Жунусова Н.Р**<br>3.Карантиндегі ережелермен таныстыру. Станчевская В.В.<br>4 Жаз айларының қорытындысы **Каукаева Д.М., Шиpажанова Г.Ш**<br>5 Ата-ана комитетінің төрайымы мен көмекшілерін сайлау | Жалпы ата-аналар жиналысы<br>қазан | меңгеруші<br>тәрбиешілер<br>әдіскер |
| | «Күз кереметтері». Көкөністер мен табиғи материалдар көрмесі | қазан | тәрбиешілер |
| 3 | МДҰ-ның ата-аналарымен реттелген жүйеде талдау, зерттеу және насихаттау жұмыстарымен қамтамасыз ету | желтоқсан, мамыр | меңгеруші, әдіскер |
| 4 | Ата-аналарды МДҰ-ның қызметімен, іс-әрекетімен таныстыру үшін ашық есік күнін ұйымдастыру | наурыз | әдіскер, тәрбиешілер |
| 5 | Ата-анамен баланы тәрбиелеу, оқыту, үйрету және талап ету қажеттіліктеріне байланысты жеке сұхбаттасу | жыл бойы | психолог |

Scanned by TapScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6 | Ата-аналар жиналысы | | тәрбиешілер |
| 7 | Жылжымалы папкі рәсімдеу «Ертеңгілік жаттығу», «Баланың құқығы», «Абайлаңыз өрт!»<br>Кеңестер: «Балабақшаға барамыз», «Баланың ойлау қабілетін жетілдіру», «Біз мектепке барамыз» және «Балатәрбиелеу барысында өзін – өзі қамтамасыз етудің мәні»;<br>«Балалардың аурушаңдығы»;<br>«Мен өзім» кіші топтарға;<br>«Баламыз мектепте оқуға дайын ба?» | жыл бойы | Психолог<br>медбике |
| 8 | **Күн тәртібінде:**<br>Балабақша мен отбасының ынтымақтастығы. **Жунусова Н.Р**<br>Біздің жетістегіміз 2021-2022 оку жылының қортындысы **Жунусова Н.Р**<br>1. «Достық» тренингі. Психолог **Калжигитова Г.Е.**<br>2. Әр түрлі мәселелер | Жалпы ата аналар жиналысы<br>мамыр | меңгеруші<br>тәрбиешілер<br>әдіскер |
| 8 | Ата-аналардың сұрауы бойынша мамандардың жеке кеңестері | жыл бойы | психолог |
| 9 | Отбасында баланың құқығын бұзуды алдын-ала сақтандару | жыл бойы | психолог, тәрбиешілер |
| 10 | Мерекелер: «Білім күні», «Алтын күз», «Жаңа жыл», «Аналар күні», «Қоштасу» т.б. | жыл бойы | тәрбиешілер |
| 11 | Ата-аналардың сайыстар мен байқауларға қатысуы | жоспар бойынша | тәрбиешілер |

Scanned by TapScanner